

Түлкібас ауданы Тастұмсық ауылдық округінің Тастұмсық елді мекені шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 356 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 12/2-08 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 6440-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына, " Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Тастұмсық ауылының басқару органдарының пікірін ескере отырып, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Түлкібас аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тастұмсық ауылдық округінің Тастұмсық елді мекені шекарасына Түлкібас ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1,87 гектар жерлерді қосу арқылы, Тастұмсық елді мекенінің шекаралары өзгертіліп, жалпы көлемі 216,06 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түлкібас ауданының әкімі

Н. Изтилеуов

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Х. Байысбаев